

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 29 желтоқсан N 1672.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.04.22. N 631 қаулысымен. ~P970631

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес осы аппарат қызметкерлері шекті санының негізінде 175 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне министрдің төрт орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасарын, сондай-ақ саны 13 адамдық алқа ұстауына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар

министрлігінің орталық аппараты үшін 5 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің" 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1819 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1672 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар
министрлігі орталық аппаратының

Қ Ұ Р Ы Л Ы М Ы

Басшылық
Экономика басқармасы
Кадр және аппарат жұмысын ұйымдастыру басқармасы
Халықаралық ынтымақтастық басқармасы
Автомобиль көлігі департаменті
Темір жол көлігі департаменті
Байланыс департаменті
Автомобиль жолдары департаменті
Су көлігі басқармасы
Әуе кеңістігін және азаматтық авиация қызметін пайдалану
жөніндегі комитет